

"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 ақпандағы N 237 қаулысы

"Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 25 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Жарғылық капиталына мемлекеттің 100 пайыз қатысуымен "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) құрылсын.

2. Қоғам қызметінің негізгі мәні Қазақстан Республикасында міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесін енгізу, әлеуметтік аударымдарды шоғырландыру, әлеуметтік төлемдерді жүзеге асыру үшін қаражатты уақытылы аудару, уақытша бос қаражатты қаржы құралдарына Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арқылы орналастыру, жыл сайын аудит жүргізу болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті белгіленген тәртіппен Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету және пайдалану құқықтарын Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне берсін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қоғамның құрылтайшы төлейтін жарғылық капиталының 45950000 (қырық бес миллион тоғыз жүз елу мың) теңге мөлшерде республикалық бюджет қаражатының есебінен қалыптастырылуын;

2) Қоғамның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін және Қоғам жарғысының бекітілуін қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж. N 13, 124-құжат):
көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

"Астана қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-54-жолмен толықтырылсын:

"21-54. "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" АҚ";

2) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен

мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына : көрсетілген қаулыға қосымша мынадай мазмұндағы бөліммен толықтырылсын: "Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне

279. "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" АҚ".

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК